

«Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде қазақстандық мазмұнның көлемі туралы ақпаратты ескере отырып, есептілікті жинау, қорыту және талдау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы № 647 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 569 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 10 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6000 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 26 ақпандағы № 77 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2014 № 77 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Тауар биржасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 мамырдағы Заңын іске асыру шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2009 жылғы 6 қарашадағы № 158-ө өкімінің 3-тармағын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде қазақстандық мазмұнның көлемі туралы ақпаратты ескере отырып, есептілікті жинау, қорыту және талдау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы № 647 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5480 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге орталық мемлекеттік органдары актілерінің 2009 жылғы № 4 жиынтығында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде қазақстандық мазмұнның көлемі туралы ақпаратты ескере отырып, есептілікті жинау, қорыту және талдау ережесінде (б ұ д а н ә р і - Е р е ж е) :

Ережеге 1-қосымшада, «Сатып алу тәсілі» деген бағанда реттік нөмірі 9-жолда, «ашық» деген сөз алынып тасталсын;

Ережеге 3-қосымшаның Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу кезінде қазақстандық мазмұнның көлемі

туралы ақпараттың электрондық нысанын тапсырыс берушінің толтыруы бойынша нұсқамалардың тоғызыншы абзацында «ашық» деген сөз алынып т а с т а л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алуды басқару әдіснамасы департаменті (Г.А. Әмрина) белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және кейіннен ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы бұйрық оның бірінші ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р д і н

міндетін атқарушы

Р. Дәленов